ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 19 наурыз іс №1912-26-00-2/81 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.М.Ғалымов
сот отырысының хатшысы А.А.Қойтан отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық біріктірген азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Алматы облысының фтизиопульмонология орталығы» КМК

ЖАУАПКЕР:
«Engineer Chik» жауапкершілігі шектеулі серіктестегі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп беру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Н. Уразбаев
Талап қоюшының өкілі А.Камзаев
Жауапкер Сәмет Ш.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

12 ақпанның 2025 жылғы "Алматы облысының Денсаулық сақтау басқармасы" ММ "Алматы облысының фтизиопульмонология орталығы" ШЖҚ КМК (бұдан әрі-талапкер) және " Engineer Chik" ЖШС (бұдан әрі — жауапкер) арасында № 13503096-1 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №125 шарт жасалды (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы қаңтардан 31 желтоқсанға дейін.

~~Шарттың жалпы сомасы 199 500 теңге.~~

2025 жылғы 3 наурызда жауапкер жауапкері шарттың орындалуын қамтамасыз етудің 3% - 5985 теңге төледі.

Документ подписан: Галымов Д. М., 05.04.2026
Дата вступления в законную силу: 05.05.2026, судья Галымов Д. М., 13.05.2026
1912-26-3-1/59

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаның талаптарына сәйкес жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 2025 жылғы 12 ақпан мен 31 желтоқсан аралығында Алматы облысы, Талғар ауданы, Шымбұлақ ауылы, Қаныш Сәтбаев көшесі 100 мекенжайы бойынша 95 дана мөлшерінде "Сыйлық жиынтығын" жеткізуге міндеттенді.

Жауапкер жауапкері талап коюшыға уақытша қаржылық қиындықтарға байланысты 95 дана мөлшерінде "Сыйлық жиынтыгын" жеткізе алмайтындығын ескертті бірақ бас тарту хатын жолдамады.

31 желтоқсанда 2025 жылы портал арқылы Шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауына байланысты талап қоюшы осы талап арызбен сотқа жүгініп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер жазбаша пікір (пікірхат) ұсынбаған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қою талаптарын толық көлемде қолдап, оларды талап арызда көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі талап қоюды мойындап, шарт бойынша міндеттемелерді қаржылық қиындықтарға байланысты орындау мүмкін болмағанын көрсеткен, сонымен қатар өзін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану бөлігінде талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Прокурор талап қою талаптарын толық көлемде қанағаттандыру туралы қорытынды берген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме міндеттеме шарттарына және заңнама талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 277-бабының 1-тармағына сәйкес, егер міндеттеме оны орындау күнін немесе орындалуға тиіс уақыт кезеңін көздесе не анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше осындай кезең шегіндегі кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Тапсырыс беруші тарапынан Шарт талаптары орындалмаған жағдайда оның біржақты бұзылу мүмкіндігі туралы хабарламалар жолдағандығына қарамастан Жауапкер Шартта көрсетілген міндеттемелерді орындаудан бас тартып отыр.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Документ подписан: Галымов Д. М., 05.04.2026
Дата вступления в законную силу: 05.05.2026, судья Галымов Д. М., 13.05.2026
1912-26-3-1/59

1 талабы бойынша.

12 ақпанның 2025 жылғы "Алматы облысының Денсаулық сақтау басқармасы" ММ "Алматы облысының фтизиопульмонология орталығы" ШЖҚ КМК және " Engineer Chik" ЖШС арасында № 13503096-1 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №125 шарт жасалды

Сотпен шартты орындау барысында міндеттемелердің тиісінше орындалмағаны анықталды.

2025 жылғы 28 қазанда талап қоюшы өтінім берген, алайда аталған өтінім орындалмаған. Кейіннен өтінім қайта жолданған, оған жауап ретінде жауапкер WhatsApp мессенджеріндегі хат алмасуда шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігін хабарлаған, сонымен бірге шарттан бас тарту туралы жазбаша хабарламаны талап қоюшыға жолдамаған.

Осылайша, талап қоюшының түсіндірмелеріне сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартты қайта жасасу қажеттілігіне және шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауына байланысты теріс салдарлар туындаған, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану үшін негіздер бар деген қорытындыға келеді.

2 талабы бойынша.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) өндіріп алуға құқылы.

Бұл ретте талап қоюшы тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаппен жүгініп, тұрақсыздық айыбын 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап талап арыз сотқа жолданған 2026 жылғы 9 қаңтарға дейінгі кезең үшін есептеген. Алайда аталған кезеңде шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаптар толық көлемде қанағаттандыруға жатпайды.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117-бабының 1-тармақшасының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 163 теңге көлемінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 229, 401, 405 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Алматы облысының Денсаулық сақтау басқармасы" ММ "Алматы облысының фтизиопульмонология орталығы" ШЖҚ КМК–нің жауапкер "Engineer Chik" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«Engineer Chik» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Документ подписан: Галымов Д. М., 05.04.2026
Дата вступления в законную силу: 05.05.2026, судья Галымов Д. М., 13.05.2026
1912-26-3-1/59

«Engineer Chik» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 2 163 (екі мың алпыс үш) теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігінде қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде тараптармен апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтінішхат берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде шағым беруі мүмкін.

Судья **Д.М. Ғалымов**

Документ подписан: Галымов Д. М., 05.04.2026

Дата вступления в законную силу: 05.05.2026, судья Галымов Д. М., 13.05.2026

1912-26-3-1/59